



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№22 (10 173)

9 маусым

жұма

2023 жыл

aksuoniri@mail.ru

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ!

БАРЛЫҚ БАЛА ҚУАНУҒА ҚҰҚЫЛЫ



Әлеуметтік немесе материалдық деңгейде, жынысы мен діни көзқарастарға, денсаулығына және т.б. ерекшеліктеріне қарамастан барлық бала қуануға құқылы.

Аудан әкімі Берік Тынышбайұлы және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қайрат Бекбажанов 1 маусым - Халықаралық балалар күніне орай үйден қызмет алатын мүгедектері бар балалардың үйлеріне барып, құттықтап, мерекелік сыйлықтар табыстады.

М.ОМАРОВА,
ЖҚЖӘБ бөлімінің бөлімше меңгерушісі.

4 МАУСЫМ - МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ!

ӘРКІМ РЕСПУБЛИКАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІН ҚҰРМЕТТЕУГЕ МІНДЕТТІ.
Қазақстан Республикасының Конституциясы 34-бап.

ЕЛДІҢ ЕЛДІГІН КӨРСЕТЕТІН РӘМІЗДЕРІМ



Көк байрағы көкте желбіреп, Елтаңба төрде орнығып, Әнұран шырқала орындалғанда, ата - бабаларымыз сан ғасырлар аңсаған елдік қалпымыз бен сүттей ұйыған тірлігімізге шүкіршілік айтып, толқымайтын жан, селт етпейтін көңіл жоқ шығар, - деп Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің тарихына тоқталды.

Бұл күндері аузын айға білеген өзге алпауыт мемлекеттермен иық тіресіп, талай елдің төрінде әнұраны шырқалып, көк туы желбіреген Қазақстанды төрткүл дүние танып, мойындады десек артық айтқандық емес.

Тәуелсіздігіміздің алтын күмбезі саналатын мемлекеттік рәміздердің мәртебесі арта берсін деп, мерейлі мерекеде барлықтарыңызға зор денсаулық, отбастарыңызға бақыт тілеймін, - деп сөзін қорытындылады.

Шара соңында аудан өнерпаздары патриоттық әндер орындады.

Еліміздегі тыныштығымыз бен бірлігіміз бекем болсын!

Көк туымыз биікте желбірей берсін.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

Елдің елдігін, мемлекеттілігін айқындайтын басты құндылықтар ол - елдің шекарасы, астанасы және мемлекеттік рәміздері.

4 маусым - Рәміздер күніне орай Республика бойынша бір уақытта мемлекеттік Гимн орындалды. Біздің ауданымызда да әр ауылдық округтерде, аудан орталығында ту алаңында ауыл халқы жиналып, мемлекеттік

Гимн орындалды. Келесі кезекте аудан әкімі Берік Тынышбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, Баршаңызды - Мемлекеттік рәміздер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!


Мемлекеттік рәміздер - әр мемлекеттің тәуелсіздігін білдірумен қатар, тұтастыққа ұйыстыратын, бірлікке үндейтін айшықты белгілер. Еркіндігіміздің

Елдің еңбекпен көркейетінін ескерсек, еңбек адамының қоғамда қашанда орны ерекше, абыройы биік. Біз кейде «Еңбек адамы» деген айдармен мемлекеттік қызметте, кәсіпкерлікте көп жыл еңбек еткен адамдарды мақтап жазып жатамыз. Ал, нағыз еңбек жасап жатқан қоғамдық жұмысшыларды ескере бермейміз. Халық еңбекке бейім болса, ел ырысқа көнеліп, өзгелермен терезесі теңеліп, бақуатты, бәсекеге қабілетті мемлекет болып нығаяды.

Ауданымыз да күннен күнге көркейіп, келген қонақтарымызды орталық алаңға, арбатқа ұялмай, мақтанып алып шыға аламыз. Жайқалған гүлзарлар, тап - таза көшелер. Ал, оның барлығын біз бір айлық тазалық айлығында жасап тастағанымыз жоқ. Ауылымызды абаттандырып, көрік беріп тұрған гүлдер мен көше тазалығын күнделікті атқарып жүрген қоғамдық жұмысшылар бар.

Олар таң бозарып атқаннан күн қызарып батқанша тыным таппай өздері қолмен отырғызған мәдени өсімдіктерді суғарып,

Еңбек адамының қоғамда орны ерекше, абыройы биік



көшелерді сыпырып, қоқыс жәшіктерін тазалап жүреді. Қолдарына қаптарын ұстаған тіпті мүмкіндігі шектеулі жандарды да байқап жүрміз. Өздері әрең жүрсе де біз алдында мақтап жүрген ағаларымыздың немқұрайлы тастай салған қоқыстарын жинап жүргені. Су шықпайтын жерлерге қолмен су тасып құйып, қараусыз жүрген малдар еңбектерін таптап кетпесін деп күні түні күзетіп жүрген де солар.

Біздің мың адам бір ай тазалық айлығында жасаған жұмыстарымызда олар күнделікті жасап келе жатыр. Ауылымыздың көркейіп, гүденіп тұрғаны міне осы нағыз еңбек адамдарының арқасы. Жұмыспен қамту бөлімі арқылы төленетін еңбек ақыларын адал еңбекпен тауып жүрген қоғамдық жұмысшыларға ел болып құрмет көрсетуіміз керек.

Еңбекқор азаматтардың беделін көтеру, өнімді еңбек етуге ынталандыру біздің парызымыз. Ендеше, барлық ақсулықтар атынан осындай нағыз еңбек адамдарына алғыс білдірейміз.

Ербол СЫМХАНОВ.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ НҮРСҰЛТАН ЕСЕБОЛАТОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ



Жауды жеңіп от иен оқ арасында,
Жанын қиған майданның дияласында,
Ер Нұрсұлтан есімін асқасқатып,
Ауыл отыр Ақсудың жағасында.

Г. Демешев

«Бір дінгектің бұтақтары –
батырдың ұрпақтары»
әдеби-поэтикалық, сазды кеш

Гүлнәр Демешеваның «Жанырақ-сұмыр»
поэмасының желісі бойынша қойылым
Қоюшы режиссер: Арда Елубаева

Оқиғын орны: Жанартау аумағы, Қобланды Мәсқалиев
көшесі мектебі, 31

Оқиғын уақыты: 2023 жыл, 12 маусым, тағам 11.00

"Ақпараттық қолдау" орталығы "Ауыл аманаты" жобасы аясында



"АУЫЛ АМАНАТЫ" ЖОБАСЫ БОЙЫНША
"АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУ" ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

@aksu_amanat

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейінгі халықтың табысын арттыру бағдарламасы аясында «Ауыл аманаты» жобасы іске асырылуда. Жобаның негізгі мақсаты - ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігіне және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешу болып табылады. Осыған байланысты «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалы жанында жоба аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін «Ақпараттық қолдау» орталығы ашылып, тақтайшалар орнатылды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында «Ашық есік» күні өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының expertі.

Аудан тұрғындарының назарына!



Жаз уақытында құрғақ және ыстық ауа райына байланысты өрттің болуы қауіптілігі неғұрлым жоғарылайды. Өткен жылға талдау жұмыстары қорытындысы көрсеткендей, жаз кезеңінде өрт қауіптілігі орын алу маусымында, құрғақшылық маусым болса, өрттердің болуы қатері өседі. Қатерлерді орманды, дала алқаптарда өрттердің себептері әртүрлі: демалыс орнында қараусыз жағылған күйінде қалдырылған от шоғы, сөндірілмей тастап кеткен темекі тұқылы, майланған, тез жанғыш заттарды және қоқысты қалдырып кету себептерінен туындайды. Табиғатта өрттің себепкері болмас үшін жас ағаштың қылқан жапырақтарының, бүлінген орман учаскелерінің, шымтезекті батпақтың маңында, қурап қалған шөп орнында, ағаштардың астында отты жақпау керек. Отты тек қана

арнайы белгіленген орындарда жағып, орманнан, дала алқабынан, демалыс орындарынан кеткен кезде от ты толық сөндіріп, топырақпен көміп немесе үстінен су құйып, жанғыш заттарды, қоқысты, сөндірілмеген темекі тұқылын тастамау керек. Құрметті аудан тұрғындары! Жоғарыда аталып өткен кез - келген себеп өрттің болу қаупіне себеп болатынын ескере келе қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелеріне немқұрайлы қарамай, табиғат аясында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар. Орман және дала алқаптарында кез келген жануын байқаған кезде оны сөндіруге кірісу қажет, егер өз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, өрт шыққан учаскеге қарасты ауылдық округке, ауданның өрт сөндіру мекемесіне және полицияға хабарлау керек.

Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары

Әр жылы 1 маусым суға шомылудың науқаны басталатыны бәрімізге мәлім. Осыға орай, су нысандарында қайғылы жағдайды болдырмау мақсатында балаларды өз еркімен дария жағалауына жібермеу қажет екенін ескертеміз! Алайда, тұрғындар қауіпсіздік шараларын елемейді. Судағы қауіпсіздік шараларын елемей адам өміріне қауіпті екенін, белгіленбеген орындарда шомылуға болмайтындығы туралы балаларға үнемі ескертіп отыру қажет. Өкінішке орай, бұл науқан басталғанына көп уақыт болмаса да, елімізде суға бату қайғылы оқиғалары тіркеліп жатыр. Әсіресе, қазіргі кезде мектеп бітірушілер су бойында шараларды өткізіп, ешқандай сақтық шараларын сақтамауда. Суға батып кетушілердің санын арттырып тұрған статистиканы бәсеңдету үшін және өз жаныңызды, балаларыңызды аман сақтап қалу үшін не істеу керек? Қандай ережелер мен қағидаларды білген жөн? Суда шомылудың қауіпсіздік шаралары: - Суға тек қана рұқсат етілген орындар мен жағажайларда шомылыңыздар; - Суға шомылатын жерді, жалпы жағдайды судың тазалығын, тереңдігін мұқият тексеріп алыңыз; - Тамақ ішкеннен кейін бірден шомылмаңыз; - Өте ұзақ шомылмаңыз, өзіңізді шаршауға және тоңып қалтырауға дейін жеткізбеңіз; - Суға түскенде бір-біріңізді және балаларды көзден таса қылмаңыз; - Қоршау белгілерінен тысқары аумаққа шықпаңыз; - Техникалық ескерту белгілерінің және басқалардың үстіне шығушы болмаңыздар; - Есте сақтаңыздар! Судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

Б.ТЕКТІБАЕВ,
Ақсу ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс жөніндегі бас инспекторы.

«АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА

«Алғашқы жұмыс орны» жобасына оқуын аяқтаған, дипломы бар, алғаш рет жұмыс іздеп жүрген түлектер. 35 жасқа толмаған, жұмыс тәжірибесі жоқ, зейнетақы аударымы түспеген жұмыссыз жастар. Сонымен қатар, көп балалы немесе аз қамтылған отбасы мүшелері және еңбекке қабілетті мүмкіндігі шектеулі азаматтар қатыса алады. Келіп тіркеліңіздер. **Өту мерзімі: 18 ай** Еңбекақысы: 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленеді. Толық ақпаратты халықты жұмыспен қамту орталығынан біле аласыздар.

Ақсу ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы.

Мекенжайымыз: Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5
Байланыс телефоны: 8 728-32 2-15-29, 2-14-87, 8-7762031986
E-mail: aksu-center-zan@mail.ru

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА

Жастар практикасына 2020, 2021, 2022 жылдары оқуын аяқтап қолында дипломы бар. Дипломдағы мамандығына сәйкес жұмыс істемеген. 18-35 жасқа толмаған жұмыссыз жастар қатыса алады. Келіп тіркеліңіздер. **Өту мерзімі: 10 ай.** Басталу уақыты: 01.02.2023 ж. Еңбекақысы: 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төленеді. Толық ақпаратты халықты жұмыспен қамту орталығынан біле аласыздар.

АҚСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫ.

Байланыс телефоны: 8 728-32 2-15-29, 2-14-87
E-mail: aksu-center-zan@mail.ru 87762031986

ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ЕЛІМІЗДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРДЫҢ БІРІ.
БҰЛ – МЕНІҢ БЕРІК ҰСТАНЫМЫМ ЖӘНЕ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАДА ХАЛЫҚҚА БЕРГЕН УӘДЕМ.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС БОРЫШЫМЫЗ!

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат пен қоғамдық бәсекелестік пайда олған жерлерде тамырын жайым, бүгінге дейін жойылмай отырған ауыр кесел. Бұл дерт дамыған елдерге де, біздің мемлекетімізге де зор қауіп төндіріп отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық



пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпебет келеді. Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен паралудың жолын кесуде қоғам бо-

лып белсенділік танытуымыз қажет. Қазіргі кезде «Пара берсем, мен жазаланбаймын, пара алушы ғана жазаланады.» – деген тұжырымдама қалыптасып келеді. Бұл – Қате! Пара алушы да, пара беруші де жазаланады. Сондықтан да, пара алушыны ғана емес, пара берушіні де жемқор, қылмыскер ретінде қарап, әр адам пара бермей, өзінен бастауы қажет.

Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

А.РАЗБЕКОВА,
Ақсу аудандық соты әкімшісінің бас маман - сот отырысының хатшысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТҮБІ ҚОРЛЫҚ

Жемқорлықпен күрес әрбір саналы азаматтың парызы. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Мемлекет басшысы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты», «Қазақстан халқына демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетеді. Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі түрде күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табуда.

Сыбайлас жемқорлық заманның ағысымен өсіп келе жатқан, мол қаражат болған жерге тамырын тереңінен жайып, осы күнге дейін жойылмай отырған қоғамдық дерт болып табылады. Осындай келеңсіз құбылыстармен күрес жүргізу



уазымды адамдар өз құзыретінің шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Ертеңгі болашағы үшін алаңдатын әрбір саналы азамат жемқорлықты ауыздықтау ісінде өзінің жеке үлесін қосқан жөн. Жемқорлық деген ұрлық, ұрлық түбі қорлық екенін естен шығармайық!

М.МҰСАНОВ,
аудандық қазынашылық басқарма басшысы.

Құрметті аудан тұрғындары!



Алдағы 2023-2024 жж. жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды-тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын-ала жаз-күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді. **«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.**

• ХАЛИДА МАМАНОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА - 105 ЖЫЛ!



Қазақтың қайсар қызы – Халида

Биыл Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, Берлинге дейін барған. Тіпті капитан шенін алған. атақты дәрігер медицина ғылымдарының докторы, профессор жерлесіміз Халида Маманованың туғанына 105 жыл толды. Ол соғыс аяқталған соң елде қызмет етіп, түрлі ғылыми жаңалықтар ашты. Ақтөбе жерінде университетте кафедра меңгерушісі болды. Әлия Молдағұлова атындағы мемориалдық музей мен Марат Оспанов атындағы медицина университетінің ұжымы мерекелік датаға орай жерлесімізді еске алып. Музей қызметкерлері келушілерге тарихтың осы тұстарын қозғап, біртуар ғалым туралы құнды деректерді айтты.

Ал біз ше, жерлесіміздің құрметіне қандай шаралар ұйымдастырып жатырмыз?

Әкесі Есенқұл қажы Мамания мектебін ұйымдастырушылардың бірі болды.

Біздің Жетісу облысында атасы Маманның және ұлдарының есімдері аңызға айналған. Маман әулетінің жеке қаражатына жоғарыда айтқанымыздай мектеп салынған. Бұл мектепте Стамбул, Санкт – Петербург, Уфа, Орынбордан мұғалімдер сабақ берген болатын. Сондай – ақ, олар ең алғашқы қазақ романының курсының өаржыландырыған, қазақ тіліндегі газет – журналдарға қаржылай көмек көрсетіп, дарынды тұлғаларға шетелде білімін жалғастыруға көмектесіп отырған.

Халида Есенқұлқызы Маманова сол мектепте оқыған алғашқы қазақ қыздарының бірі. Алматы медициналық институтын бітірген (1941). 1942 – 46 жылдары Қызыл Армия қатарында әскери дәрігер болып, мед. қызметтің капитаны атағын алған,

І.Жансүгіров атындағы тарихи - өлкетану музейінің қызметкерлері мерекеге байланысты арнайы бұрыш өзірлеп, «Мамания» атындағы орта мектебінің жоғары сынып оқушыларымен «Қазақтың қайсар қызы – Халида» атты тақырыптық экскурсия өткіздік.

Шара барысында оқушыларға өздері оқып жатқан мектептің тарихымен, сол мектепте оқыған қазақ зиялыларының өмірбаянымен, соның ішінде Халида апаларының жеткен жетістігі, қайсарлығы туралы әңгімелеп, Оқушыларға тәрбиелік мәні бар мағұлыматтар берілді.

Сонымен, Халида Маманова 1918 жылы қазіргі Жетісу облысының Ақсу ауданы, Қарағаш ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Қазақ медицина институтын «Емдеуші дәрігер» мамандығы бойынша бітірген. Кейін Ғылым академиясы физиология институтының аспирантурасына оқуға түскен. Бірақ көз ұзамай 1942 жылы майданға аттанады. Ол кездері жоғары оқу орнын бітірген адамға бірден лейтенант шені берілетін болған, бірақ Халида Мамановаға ондай әскери шен берілмеген, оны тіпті медбикелікке де алмаған көрінеді. Ол окоп қазатын, қаза тапқандарды жерлейтін командаға, яғни айыпротасына жіберілген. Мұның басты себебі - Халиданың бай тұқымынан болғанынан екен. Халидаға осы себепті саяси сенімсіздік болған. Бірақ қайсар қыз майданда өзінің батылдығымен, адалдығымен көзге түскен Халида Маманова 1943 жылы ақталып, авиациялық батальонға ауыстырылған, тиесілі әскери шен беріліп, сондағы амбулаторияның басшысы болған. Ол ерлік істері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Айнұр ЖҰБАЕВА, І.Жансүгіров атындағы тарихи - өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі



ЖАРАТЫЛЫСЫМДА ЖАСЫҚ ТУЫЛҒАН ЕМЕСПІН...

Дүниеге перзент болып келіп, оң мен солың танып, өз жүретін соқпағын дұрыс тандап, нағыз азамат ретінде көрінген Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Ақсу ауданының «Құрмет кітабына» енген Қазбанбетов Мұхаметәлі Найманханұлы.

Біз, күйеуім Мамырбеков Сұлтанбек екеуіміз 1965 жылы «Діңгек» ауылында ұстаздық қызметті бастаған едік. Жайлау - мектеп оқушысы. Жайлаудың әкесін менің жарым Сұлтанбек әкеміз деп айтатын. Сол жылдан бастап, мені «Ақ Жеңешем» - деп айтатын. Ол мені «ақ жеңешем» - десе, мен «жас қайын» - деп еркелеттім.

Қазақ елін, туған жерін, Ақсу өңірінен шыққан, елі үшін еңбек еткен, еңбек ерлерін, өнер адамдарын, батырларды, ақындарын жырлап, кейінгі ұрпаққа 20 кітап жазып қалдырды.

Қазағымның тілі бар да, елдігі бар, Елдігі барда – теңдесіз ерлігі бар.

Елдігі барда – теңдігі бар, Еңдеше кімнен кемдігі бар, - деп ана тілін құрметтеуді, елін сүюді, адал болуды жырына қосты.

О менің ақ жеңешем, Нақ жеңешем, бап жеңешем.

Қайнысы үшін құрақ ұшқан, Айналайын бақ жеңешем.

Біртүрлі елеңдеп тұрам, деген қалжыңына мен: Есіктің алды тал, қайың,

Қасымда өскен жас қайын. Сағынып, сені, келдім, мен

Отырмысың дап – дайын - деп, әзіліміз жарасып, қазақ тілі қоғамы жүктеген бар жұмысты бірге атқардық.

Ілияс Жансүгіров, Қуат Терібаев, Құдаш Мұқашев, Қ.Бұғыбаев, Ақын Сараның мерейтойларын, айтыстарын ұйымдастырып, бірге жүрдік. Сол ақындардың туған жерінде болдық, кездесулер өткіздік.

Ақындар айтысын мен жүргіздім. Әділқазылар алқасында бірге болдық. Құдаш Мұқашев ақынның қызмет атқарған Құрақсу ауылында бірге болып, мектеп оқушыларымен, көпшілікпен кездесу өткізіп, Құдаштың көзін көрген адамдардан естеліктер жазып алған едік.

1992 жылы жергілікті ақын Құдаш Садуақасұлы Мұқашевтың 60 жылдық мерей - тойы кеңінен аталып өтті. «Хабар» телеарнасында Қазақстан Жазушылар Одағының ұйымдастыруымен белгілі ақындардың ақсулықтармен кездесуін қазақтың белгілі ақыны Қайрат Жұмағалиев жүргізді. Сол хабарға Ақсу халық театрының әншісі Б.Тынысбекова, сазгер М.Егінбаев, аудан әкімі С.Арынұлы, Қазақстанның халық ақыны Х.Ерғалиев, Сәкен Иманов, А.Зияданов, М.Қазбанбетов және мен қатыстым.

Осындай іс-шараларды ұйымдас-

тырушы жас қайным Мұхаметәлі мені қасынан бір елі тастамайтын.

Ақынның шығармашылығына арналған салтанатты жүргізуді маған міндеттеді. Конференцияда С.Иманов. Әкім Тарази С.Мұратбеков, Қ.Бұғыбаева, Құттыбек Баяндин, Т.Молдағалиев баяндама жасап, ойларын бөліскен еді.

Ау менің ақ жеңешем, Қайнысы үшін құрақ ұшқан, бақ

жеңешем,

- деп мені шақырып алып, алдағы атқарар істі айтып ойын бөлісетін. 1992 ж. Халықаралық ІІ Құрылтайға, Жетісудың ІІІ съезіне делегат болып қатыстық.

Жайлау өзі жазғандай: 1992 жылы Алматыда,

Тіл жанашырлары жиналғанда,

Шығыс пенен батыстан Халықаралық ІІ құрылтайға

Президентте қатысқан.

Екеуіміз облыстан делегат боп

Кезіміз аз ба мәңгірттермен,

Сол жерде қырықпышақ атысқан, - дегендей екеуіміз бір - бірімізді қолдап жүрдік.

Мен, Ақсудың жерлес ақындарының шығармаларын, өлеңдерін мектепте қосымша оқытудың бағдарламасын жасадым. Олар Қ.Көптілеуов, Т.Қалиханов, О.Жұмашев, Қ.Бұғыбаева, Ж.Бұхарбай.

Жерлес ақындармен, мектепте оқушылармен кездесу өткіздім. Сонда мені қолдап, көмектескен жас қайным. І.Жансүгіров, Қ.Терібаев, Қ.Мұқашев, Қ.Бұғыбаева мерейтойларын өткізу қарсаңында, осы ақындардың туған аулында, еңбек еткен жерлеріне аудан әкімдігі, қолдауымен автобуспен барып, естеліктер жазып, ақындар шығармаларымен таныстырып, үзінді оқып, бізде өнерімізді көрсеттік. Өнші Б.Тынысбеков, Балташ Алпысов, М.Егінбаев, А.Зияданов

ән шырқаса, Камалия Мұқашева мың бұралған биімен көпшілікті тәнті етті. Ал жас қайын және мен өмірбаяндарымен таныстырып, үзінді оқытымыз. Ж.Бұхарбай өзі арнау өлеңдерін оқитын.

Менің марқұм күйеуім Мамырбеков Сұлтанбек 1995 жылы 55-жасында дүние салды. Сонда ақылын айтып, жас қайным қолдау көрсетті. Кейін менің 1-ші разрядты волейболшы болуыма ағайымның арқасы деп жиі еске алатын.

Аудан әкімі Қалимолда Байболов, Сұлтанбек атындағы волейболдан турнир ұйымдастырды. Туған жерде көшенің атын берді. Осы істердің басы қасында жас қайным жүрді.

Жаратылысымда жасық туған емеспін, Тауқыметпен келіп тұрады егескім. Басқа түскенді барынша шыдап

көтердім,

Соңына ермей, алдамшы үміт,

жай елестің,

Жасымнан темір тікен тесті аямай

өкшемді,

Жиырма бірімде алдырдым тұтас өкпемді.

Ішек, жүрек, асқазанға оташы пышақ тиіпті,

Сонда да күтем болашақтан нұрлы көктемді.

Қан түкіріп ауру қинап жатса да жанымды,

Қаз МҰУ –де оқып, білімге салдым барымды.

Қызмет етіп, қатар – құрбыларымнан қалыспай,

Сақтауменен ел алдында адалдықты, арымды.

«Қазақ тілі» қоғамын тұңғыш құрып терледім,

Бас жүлде алып облыста екі мәрте ерледім.

Дағдарыс кезінде мәдениет бөлімін басқарып,

Ақсудың өнердегі намысын қолдан бермедім.

Ұйқысыз ұзақ үңіліп, терең тарихи қатпарға,

Жирма кітап та жаздым, мұра етіп жастарға.

«Өткен күнде белгі бар» дегендер осы шығар,

Ұялмастан өрлеп келем

алпыс атты асқарға –

деп өзі жырлағандай мақсатына жету жолына қандай қиындық болса да шыдап, терін төгіп еңбек етті. Талай адамдарға қолдау көрсетіп көмегін тигізді.

Жас қайнымның өлеңдерінде, шығармаларында туған жерге, табиғатқа, отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа көзқарастары, ой саптаулары ұтымды сабақтасып жатыр. Бүкпесіз шындық, адам бойындағы жағымсыз мінез - құлықтарға қарсы батыл ойы, кейбір өттеген - айларға қарамастан жас қайным өзінің арда азамат екенін көрсете білген.

Ей, өмір! Ұғымды баста мәңгі тұрмасыңды,

Жастық шағым қайта салтанат құрмасыңды.

Шау тартқанмен, кеуде ояу,

жырлайды жүрек,

Мойында сен, шабытты кері

бұрмасымды – деп,

кеудесін ояу ұстап, жүрегін жырлатқан жас қайным, тірі болғанда 70-ке толар еді. Жас қайнымның жетпеген арманына, жасамаған жасын Аппам қолдап отбасына, ұрпақтарына берсін!

Жайлаудың шығармаларын оқыған ұрпақтар, мақтанышы болсын,-деп тілеймін. Енді осы жас қайнымды мәңгі есте қалдырып, аудан басшылары, әріптестері бір көшенің атын берсе деген тілегім бар.

Мамырбекова Жамалхан ТӘҢІРБЕРГЕНҚЫЗЫ, ҚР Білім беру ісінің үздігі, зейнеткер - ұстаз.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ НҰРСҰЛТАН ЕСЕБОЛАТОВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 110 ЖЫЛ!**ДУБОСЕКОВО
РАЗЪЕЗІНДЕ****ЕСКЕРТУ:****Қадірлі оқырмандар, жерлестер!**

Биыл Кеңес одағының батыры Н.Есеболатовтың 110 жылдығы. Осы мерекелік датаға байланысты батырдың жалғасы, артындағы бауыры Т.Есеболатовтың Жеңістің 70 жылдығында шығарған "Жиырма сегіздің бірі" атты кітабынан естеліктер беріп жатырмыз. Бұл мақала 2010 жылы Ұлы Жеңістің 65 жылдығында жазылған. Мақала өткен шақтың әңгімесі болғандықтан, кітаптан алынып отырғандықтан ешқандай өзгертусіз беріп отырмыз. Мақалада қазіргі "АМАНАТ" партиясы "Нұр Отан" ХДП деп және Жеңістің 65 жылдығы деген сөздер кездеседі. Түсіністікпен қарарсыздар.

Иә, көптен күткен мерекеміз де жақындады. Алдыңғы аптаның сенбісі, яғни, 17 маусымда 110 жылдықты ауыл болып, ел болып атап өтеміз. Шара Н.Есеболатов атындағы батырдың туған ауылы Діңгекте басталып, аудан орталығында "Молықбай Байсақұлы" атындағы мәдениет үйінде аудан өнерпаздарының сахналық қойылымымен аяқталады. Шара барысында Батырға арналған тағы бір кітаптың тұсауы кесіледі. Ол Г.Демеуованың "Жапырақ ғұмыр" кітабы. Ал, біз осы кітаптың батырға арналған бөлімін осы мақаламен аяқтадық.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ.

асыру барысындағы екінші негізгі шабуылы 1941-дің 16 қарашасында белгіленген еді. 316 дивизияның 1075 - полкі негізгі шабуылдың маңдай алдында болды. Полктің қорғаныс шебі 251 биіктіктен Ширяево деревнясына дейін созылып жатты. Жау зеңбірекпен атқылап, самолетпен бомбалады. Окоптарда ешкім қалмаған шығар деген жау әскерлері ештеңеден сескенбестен тік жүріп келе жатыр. Жоқ, тірі қалғандары бар екен. Қап - қара қою түтін қымтаған окоптардан қарсы оқ атыла бастады. Жау «ендеше» деп темір құрсаулы танктерін жіберді.

Негізгі соққы екінші батальонның 2 ротасының үлесіне тиді. Төртінші рота Дубосеково рзъезінде бекінген болатын. Олар біздің 28 батырымыз еді. 28 адам 50 танкіге қарсы тұрды. Олар өздері қаза тапса да жауды Москваға жібермеді.

Ерлік ескірмейді. 1968 жылы 20 желтоқсанда Нелидово деревнясында жоғарыда айтылған мұражай ашылған. 1975 жылы мамырда Ұлы Жеңістің 30 жылдығына орай 28 панфиловшылар

1941 жылдың күзі. Үлкен империяның жүрегін табанына жаншып, өкшесімен езуге өршелене ұмтылған немістер күн өткен сайын Мәскеуге жақындап келеді. 28 қазанда жау Волоколам қаласын алды. Ол астанадан небәрі 125-ақ шақырым жерде. Сайрап жатқан тас жолмен 1-2-ақ күнде Мәскеуге жетіп баруға болады.

Бірақ Дубосеково разъезінде бекінген 28 жауынгер жаудың сұрапыл күшіне тосқауыл бола білді. Бұл 1941 жылдың 16 қарашасы болатын, сөйтіп жаудың екпіні де басылды. Осы ерліктері үшін 28 жауынгерге де Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Бұлар қазақстандықтар еді. Солардың 11-і Талдықорған өңірінен болатын.

Биыл Ұлы Жеңіске 65 жыл. Соған орай ұйымдастырылып жатқан шаралардың бірі - сол батырлардың ұрпағын, туған - туыстарын Дубосеково разъезіне апарып бауырластар зиратын көрсету еді. Бұл игі шараны «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы ұйымдастырды. Мәскеуге бет



алған делегацияны «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдіқадыров бастап барды. Құрамында 28 гвардияшы - Панфиловшы Мұсабек Сеңгірбаевтің немересі Төлеген Мұсабеков, 28 гвардияшы - Панфиловшы Яков Бондаренконың жиені Александр Бондаренко ҰОС-ның ардагері қоғалылық Николай Новоходский және осы жолдардың авторы 28 гвардияшы - Панфиловшы Нұрсұлтан Есеболатовтың бауыры Тілеухан Есеболатов болды.

16 мамыр күні Алматы уақытымен сағат 19.05-те биікке көтерілген әуе кемесі Мәскеу уақытымен 21.55-те Шереметьево әуежайына келіп қонды. Бізді қарсы алған «Отечество» туристік фирмасының өкілі «Альфа» қонақ үйіне әкеліп орналастырды. Ертеңінде атақты қызыл аланда болып, сол маңдағы алуан түрлі сәулет өнерін тамашаладық. Мавзолей, Кремль, оның биік қабырғалары, әрбір мұнаралардың тарихы туралы экскурсоводтар сағаттар бойы жалықпай әңгімелеп беруге бар. Бірақ біздің негізгі мақсатымыз - Дубосеково разъезі, сол жерде 28 батырдың соғысқан жерін көріп, зиратына барып, тағзым етіп құран бағыштау болғандықтан Қызыл алаң, Мәскеудің сәулет өнері жөнінде тоқталғымыз келмеді.

Келесі күні Волоколам тасжолымен Нелидова деревнясына бет алдық.

Дубосеково разъезі үлкен шайқастың болған жері сол деревняның маңында. Құмырсқадай қыбырлаған автокөліктер қайшыласып жүрісті өндірмейді. Мәскеу маңы қалың орман. Биікке ұмтылып, күн көзіне таласқан теректер мен қарағайлар, аққайыңдар, атын біз білмейтін басқа да ағаштар жол жиегіне дейін жасыл желекпен көмкерілген. Сұлу көрініс, солай дегенмен біздің жүрегіміз аталарымыздың, әкелеріміздің, бауырларымыздың соғысқан, қаза тапқан жерін көруге, солардың табандарының ізі қалған

топырақтарын басып, қаны мен тері сіңген окоптар мен блиндаждарды көріп аралауға алып ұшуда.

Міне, тасжолдан оңға бұрылды. Алдымыздағы үй батыр панфиловшыларға арналған мұражай екен. Бұл мұражай «Волоколам» Кремлі мұражай көрме комплексінің филиалы саналатынын айтқан мұражай меңгерушісі Райса Ивановна Федченко тамашалауға қойылған жәдігерлермен біртіндеп таныстырып өтті. Осы кезде Нелидово деревнясындағы орта мектептің бір топ оқушылары да батырлар мұражайын аралауға келген екен. Олармен де тілдесіп, осы өңірдегі тыныс - тіршілікпен біраз таныстық. 28 батырдың суреті, олар пайдаланған қару - жарақтар, кейбір жеке заттары, ағайын - туыстары ұсынған суреттер, хаттар, газет - журнал қиындылары т.б. толып жатқан жәдігерлер көрермендер назарына қойылған. Генерал Панфилов, оның жауынгерлік жолы туралы материалдар, отбасымен жазысқан хаттары да сақталған.

Мұражайға келген құрметті қонақтар арнаулы қолтаңба қалдыратын журналға жетекшіміз Садық Нұрсапаұлы делегация атынан пікір жазып, бәріміз қол қойдық.

Бауырластар зираты мұражайдан бір шақырымдай жерде екен. Міне, оған да келдік. Төлеген екеуіміз бір - бірімізге қарап қатты тебіренгенімізді көзімізбен білдіреміз. Саша да сондай әсерде болдым деді кейін. Мынау бауырлардың тері де, қаны да сіңген жер. Ал, мына жерде жауға қарай оқ атқан окоптары. Неде болса мына окоп ернеуіне шынтағын тіреп, шынжыр табаны шықырлап келе жатқан жаудың темір құрсаңнан алып танкісіне оқ атып, гранат лақтырған шығар. Танктің гүрілі естіле ме, қалай. Мынау тақырдап жатқан не де болса пулемет. Өне гүрс ете түсті. Бір бума гранат қой жарылған. Селт етіп ұйқыдан ояңғандай болдым. Тұңғыш ойға беріліп кетсем керек. Секіріп окопка түстім. Төлеген де окоп ішінде. Саша болса атасының мүмкін қаны сіңген, мүмкін

тері тамған топырақты целофан мешекке салып жатыр.

Иә, танк те, гүрілдеген дауыстар да біздің қиялымызда ғана. Қазір маужыраған мамыр айы. Айналаның бәрі көкорай шалғын жасыл шөп. Бауырластар зиратына бет алдық. Ортақ қабірдің басына ескерткіш орнатылып, жерленгендер есімі жазылыпты. Өзіміздің бауырымыз аты - жөні қай жерге жазылғанын бұлдыраған көзімізмен әзер тауып алдым. Көкірегімді сағыныш па, өкініш пе әлде басқа бір мұң ба кернейді. Төлегенге қарадым. Ол жасқа шылған көзін бұрып әкетіп фотоаппаратын шұқылай бастады. Тағы да ой қалай болып еді өзі, қалай басталған?

Иә, еске түсті. 1941 жылғы 12 шілдеде Қазақстанда 316 атқыштар дивизиясын құру туралы бұйрық болды. Оны құру генерал Панфиловқа жүктелді. Генерал өз дивизиясын Алматы маңында қысқа әскери дайындықтан өткізді. Міне осы кезде Нұрсұлтан Есеболатов ауылдағы әке орнына әке, шеше орнына шеше болып 5 жасынан тәрбиеленген аға - жеңгесі Бекбатыр мен Ықышқа: «Алматының маңында әскери жаттығудамыз. Кешікпей соғысқа аттанатын шығармын» деп хат жазған екен. Енді бір хатында: «майданға аттанатын болдық» депті. Ол неде болса қыркүйек айының басына келсе керек. Себебі, қазан айының басында бұл дивизия Волоколам маңына келіп, генерал К.К.Рокоссовский басқаратын 16-армияның құрамына қабылданған еді.

Дивизияның ерлік тарихы 1941 жылдың 14 қазанынан басталды. Боличево, Остовшево селолары үшін болған шайқастар ерлік тарихының бастаулары еді. Содан кейін Спас - Рюховское, Волоколам қалалары үшін болған кескілескен қанды шайқас. 28 қазанда Волоколам жау қолына өтті. Москва 125 - ақ шақырым жерде. «Ертең соғысқа кіргелі тұрмыз» деген Нұрсұлтаннның соңғы хаты 15 қарашада жазылса керек. Өйткені, немістер «Тайфун» операциясын жүзеге

жаумен айқасқан Дубосеково разъезінде үлкен ескерткіш орнатылыпты. Биік төбеде 10 метрлік жауынгерлердің ескерткіші қолдарында автомат, гранаттары бар жау келер жаққа қырағы көзбен қарап тұр.

Бауырластар зиратына «туған жердің топырағы бұйырсын» деп бір уыс топырақ тектім. «Аға, бауырым бұл өзің туып - өскен, кіндік қаның тамған қарасаң көз тоймайтын жердің жұмағы, Ақсу бойының топырағы мамық болып жайылсын» деп іштей тебірендім. Зират басында ата - бабаларымызға, осында жерленген батырларға бағыштап құран оқыдық.

Иә, оқиға осылай болған екен. Ал, қазір окоптарды шөп басқан. Биіктікті де жасыл шалғын, сары - ала гүл көмкерген. Тыныш бейбіт өмір. Осы көгілдір тыныштық пен от шашқан соғыс көңілге бір түрлі сыйыспайтын сияқты. Терең ой құшағына беріліп, күтіп тұрған автокөлікке қарай аяндадық.

Сол күні кешкісін Мәскеу ардагерлерінің сауықтыру орталығында болып, оның бастығы генерал Леонид Яковлевич Шкодиннің әңгімесін тыңдадық. Ол әңгіме барысында сауықтыру орталығында атқарылып жатқан шаруалар жөнінде толық әңгімелеп берді. Біздің жетекшіміз Садық Нұрсапаұлы Қазақстанда майдан ардагерлеріне көрсетіліп жатқан көмек. Жалпы еліміздегі бүгінгі таңдағы тыныс - тіршілік туралы әңгімеледі. Сол күні түнгі сағат 23.05 - те әуе кемесіне мініп Алматыға бет алдық.

Біз өз атымыздан осы сапарға қаржылай көмек көрсеткен аудан әкімдігіне, сапарды ұйымдастырған «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы, оның төрағасының орынбасары Садық Нұрсапаұлына алғысымызды білдіреміз.

**Тілеухан ЕСЕБОЛАТОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.**

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – өзекті мәселе

Егеменді ел болып, еңсемізді көтеріп тәуелсіздігіміздің көк туын көкке желбіреткен жас мемлекетіміздің өткеніне көз жүгіртіп қарасақ, жеткен жетістіктерін ауыз толтырып мақтанып айтарлыққа тұрарлық. Алайда өзінің түбегейлі шешімін таба алмай тұрған күрделі мәселелерде бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Бұл баршамамызға мәлім – сыбайлас жемқорлық. Мемлекетімізде бірегейлі өзекті мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлық болып отыр. Сыбайлас жемқорлық тек қана Қазақстанды ғана емес, әлемнің басқа да елдерін толғантқан мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.



Әлемнің көптеген елдеріндегі жемқорлыққа қарсы күрес қағидаларының бірі – Заң алдында барлық адамдардың теңдігі. Жемқорлық қылмыс жасаған азаматтар өздерінің әлеуметтік жағдайына қарамастан Заң алдында жауапкершілікке бірдей тартылады.



Сыбайлас жемқорлық – деген түсінік «сogruptio» деген латын сөзін алып, оның мағынасына үңілетін болсақ «пара», «параға сатып алу» ретінде, сондай - ақ, рим құқығында да, «сogumprige» түсінік болған, ол - дегеніміз жалпақ тілмен айтқанда жалғандау, сындыру, бұзу, бүлдіру, параға сатып алу деген түсінік білдірген. Яғни, құқыққа қарсы іс-әрекетті айқындайды. ҚР-ның заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауа-

тапсыруды бастады. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз өлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде», – деді Президент.

Сыбайлас жемқорлық елдің даму болашағына әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін қауіпті құбылыс болып табылады. Сондықтан да кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күресу бұл- жағымсыз құбылысты жою ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, бұл мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы екендігіне күмән жоқ. Жағымсыз құбылыс, қауіп қатермен күресі үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек екендігінің маңызы зор. Халық өз құқықтарын өздеріне қарсы қандайда бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігін нақты ұғыну керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу сыбайлас жемқорлықпен оның көрністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Қоғамның барлық күш – жігерін біріктіріп, оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру кез келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие.

Ж.ЗАРЫҚПАЕВА,
аудандық сотының судьясы.



Жемқорлықпен күрес бүгінгі күн талабы

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көрністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.

Ақсу ауданы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында кездесулер, дөңгелек үстелдер, ұдайы ұйымдастырылып, аудан бойынша қызметкерлерге, халыққа түсіндірме жұмысы жүргізіліп, қоғамдық орындарда үлестірмелі материалдар таратылып отырады. Жыл басынан бері жалпы ауданда 67 шара өткізілді.

Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заңның үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жеткізеді. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор.

Мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ міндет екені айқын. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып – парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Мағжан ШЫНДӘУЛЕТ,
Ақсу ауданының әкімінің баспасөз хатшысы.

АҚСУ АУДАНЫ ДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

№47 07 маусым 2023 жыл

Ақсу ауданы Б.Сырттанов ауылдық округі әкімі сайлауының сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Ақсу аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданының Б.Сырттанов ауылдық округі әкімін сайлау үшін сайлау округі құрылсын:

1) Б.Сырттанов ауылдық округі әкімін – Б.Сырттанов ауылдық округінің шекарасы аумағында Б.Сырттанов сайлау округі;

2. Ақсу аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде сайлау округінің тізімі және шекаралары мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, жариялансын.

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Б.БАЙБОЛОВ
И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

№48 07 маусым 2023 жыл

Ақсу ауданы Б.Сырттанов ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес Ақсу аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданында:

- Б.Сырттанов ауылдық округі әкімін сайлау 2023 жылғы 16 шілдеге тағайындалсын.

2. 2023 жылғы 16 шілдеге тағайындалған Ақсу ауданының Б.Сырттанов ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Ақсу аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында және аудандық «Ақсу өңірі» газетінде жариялансын.

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы
Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Б.БАЙБОЛОВ
И.ЖҰМАГЕЛДИЕВА

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКСУСКОЙ РАЙОННОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

№47 07 июня 2023 год

Об образовании избирательного округа по выборам акима Б.Сырттановского сельского округа Аксуского района

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Аксуская районная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Образовать избирательные округа по выборам акима Б.Сырттановского сельского округа Аксуского района:

1) акима Б.Сырттановского сельского округа – Б.Сырттановский избирательный округ в границах Б.Сырттановского сельского округа.

2. Опубликовать список избирательного округа с указанием их границ и места нахождения территориальной избирательной комиссии на интернет-странице Аксуской районной избирательной комиссии и в районной газете «Ақсу өңірі».

Председатель комиссии
Секретарь комиссии

БАЙБОЛОВ Б.Т.
ЖҰМАГЕЛДИЕВА И.Ж.

№48 07 июня 2023 год

О назначении выбора акима Б.Сырттановского сельского округа Аксуского района

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Аксуская районная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Назначить на 16 июля 2023 года в Аксуском районе выборы акима Б.Сырттановского сельского округа;

2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выбора акима Б.Сырттановского сельского округа Аксуского района, назначенных на 16 июля 2023 года, согласно приложению к настоящему постановлению.

3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице Аксуской районной избирательной комиссии и в районной газете «Ақсу өңірі».

Председатель Аксуской районной территориальной избирательной комиссии
Секретарь Аксуской районной территориальной избирательной комиссии

БАЙБОЛОВ.Б.Т.
ЖҰМАГЕЛДИЕВА И.Ж.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер

САПАЛЫ

ЫҢҒАЙЛЫ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

ҚОЛЖЕТІМДІ

АШЫҚ

СЕНІМДІ

1414

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МAB) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері онлайн қызметті қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МAB-на тіркеу болып табылады. МAB-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
 - мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;
 - қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.
- Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Асхат ЖАҚСЫЛЫКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Текелі, Ескелді және Көксу аудандарының
аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік қызметтің қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік қызметтің қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн - нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымалы мүлікпен меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымалы мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілген қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ре-

сурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qatqog.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған.

«Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Өділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық бақсармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Ж.МҰҚАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
басқармасының қылмыстық
саладағы құқықтық
ақпаратты қалыптастыру
прокуроры бөлімінің
бастығы, кіші
әділет кеңесшісі.

Мен қалай қазақ болдым?



Біз осы қазақпыз деп мақтанамыз. Қай жерде жүрсекте осы сөз аузымыздан түспесі хақ. Ал, шын мәнінде қазақ болып жүрміз бе? Осы сынды сұрақтарға бір рет болсын жауап іздедік пе? Жоқ. Біз болашаққа қадам басамыз, алайда өткен күнімізге зер салып қарап жатқан жоқпыз. Қайдан, қалай, қашан қазақ болғанымызды көбіміз біле бермейтін секілдіміз. Ал, шын мәнінде қалай қазақ болдық?

Кезекті бір қуанышта отырғам. Арамыздағы көпті көрген атамиз былай деп әңгімесін бастады. «Осы біз тарихы терең тамырлас елміз. Тарихымыз XV ғасырдан бері емес, әлде қайда ары жатыр. Шыңғыс хан заманындағы Керейің мен Меркітің қазақ емей немене. Оданда басқа тайпалар мен рулар сол кезгі тарих сахнасында көрініп те жүр. Ал, енді солар сол заманда ғана қазақ бола қалды ма? Ондай болмағанда демек біздің тарих арыда деген сөз. Әлде одан арыда заман болған жоқ па? Біздікілер мұны біледі, бірақ сол XV ғасырмен ғана шектеліп жатырмыз. Арыға барғанға ой - санамыз жетіп тұр, бірақ бізді сол советтік ой - сана билеп алған және сол болмысты ұрпақтарымызға үйретіп келеміз. Неге? Себебі, одан әріге барсақ біреу бізге қысым көрсететіндей болып тұрады. Шын мәнінде олай емес.

Біздің қайтадан қазақлануымызды күтіп жүргендер қаншама. Бір құмалақ, бір қарын майды шірткенімен, шіріген бір қарын майды, бір түйіршік қалпына келтіре алмайды. Оған барлығымыз атсалысуымыз керек. Осындағы әрқайсымыз ел үшін еңбек етіп, ұрпақтарға ұлттық құндылықтарымызды сіңірсек, өзіміздің әдеп - ғұрыптарымызды үйретсек, ұрпақтарға біз көрген болмысты емес, қазақылық болмысты қалыптастырсақ, міне сонда қазақ болғанымыз. Қазіргі біздің «Мен Қазақпын!» деп жүргеніміз бос сөз. Атымыз қазақ болғанымен затымыз атымызға сай емес. Біреуіміз оны мойындаймыз, ал біреуіміз мойындамай жатамыз. Оған келтірер дәлел қаншама.

Айтсаң өзің ұяласың. Кейде расында біз қазақпыз ба деп те қаласың.

Қазір біз балаларымыздың орысша, ағылшынша сөйлегеніне маз боламыз. Расында қуанар жағдай. Алайда, өз тілін, өз болмысын толыққанды білмеген бала ертең өзін қазақ ретінде көре ала ма? Ертеңгі күні олар бізді кінәламағанымен, олардың алдында біздің арымыз таза ма? Ал кінәласа бар кінәні заманға жабамыз ба? Әрине, оған өзіміз кінәлі боламыз. Бесікте жатқан балаға жыласа болды жалпақ темірді ұстата қоямыз. Соның ішінде өзіміздің баланы тәрбиелейтін бейнелер (мультфильмдер) жетерлік, алайда, біз соны көрсетпей қайдағы бір орыстың, қайдағы бір ағылшынның мультфильмдерін қосып береміз. Онымызбен қоймай бір сөзді орысша, я ағылшынша сөйлесе маз боламыз. Қарақтарым, сендерге айтайын бұл біздің әрлеуіміз емес құлдырауымыз, яғни, ұлттық құндылығымызды, қазақылығымызды және сан ғасырлық тілімізді жоғалтуымыз.

Кешегі ұлыларымыздың «Ел болам десең, бесігіңді түзе» - дегені қайда. Біз ел боламыз деуін дедік, ал, бесігімізді түзегеніміз қане? Өз ана тілінді білмей тұрып, өзге тілде сөйлеуің мақтан емес. Керісінше кешегі елім деп жаның құрбан еткен ұлылардың аруақтарының алдында ұялатын жағдай. Ұлттық құндылығымызды, қазақылығымызды қайтадан қалыптастырамыз деп қаншама азаматтар еңбек етіп жүр. Балалар үшін мультфильмдер мен кинолар түсіріп, тіпті балалар үшін телеарнада ашып қойды. Оның бірінде көрсетпейміз. Өздері көрмейді деп балаларды кінәлейміз. Қайдан көрсін бесікте жатқан кезінен орыс пен ағылшынның былдырлағын көрсетіп сіңіріп тастасақ.

Қарақтарым, тағы да айтам бір құмалақ, бір қарын майды шірткенімен, шіріген бір қарын майды, бір түйіршік қалпына келтіре алмайды. Ол үшін мына отырған барлығымыз атсалысуымыз керек. Атсалыс дегенде барып көмектес деп жатқаным

жоқ. Мына жүрген балаларыңды бесікте жатқаныңан кешегі бесік жырларын, аңыз, ертегілерді тыңдатып өсіріңдер. Оның бәрі бекерге шыққан жоқ. Сол ұлттық құндылықты, қазақылықты бойына сіңіру үшін шығарылған. Біздің жастар кітап оқымайды неге? Себебі, олардың бойында осы құндылықтар жоқ. Олар бесік жырын естімеген, аңыз, ертегілерді тыңдамаған. Өйткені, уақытында бесік жырын айтатын, аңыз, ертегілерді оқып беретін ешкім болған жоқ. Айналып келгенде барлығы біздің кінәмыз. Қазірден қолға алмасақ, ертеңгі күні біз кеткенде ұрпақтарымыз қазақ болып қала ала ма? Қарақтарым, қасықтап жинаған қазақ деген болмысымызды шелектеп төккенімізді доғарайық.

Бұл бір кісінің айтқаны болғанымен, ақиқатқа жүгінсек барлығымызға таныс мәселе. Кешегі біздің бабалар тәрбиені бесік жырынан бастап ас үстінде де айтып отыратын. Ал, қазір біздер ас үстінде телефонды қолымызға алып, ас ішкеннің орнына сол телефонның ішіне үңіліп кетеміз. Балаларға бір - бір телефон алып беріп жатқанымыз қаншама. Алып бергенде де оны қадағаласақ бір жөн. Жанымыздың рахаты үшін не көрседе тыныш отырса болды дейміз. Осылайша тал бесіктен басталатын тәрбиені балалардың бойына сіңірмей келеміз. Осы бір үрдіс өз арнасына түспегеннен кейін қазіргі жастар өзінің қалай қазақ болғанын біле алмай жүр. Шашын бояп, сырға таққан жігіттер мен шашын қиып, қысқа киім киген қыздар осы бір ағаттықтың кесірін өздерінің кім екенін біле алмауда. Ең өкініштісі осылардың «Мен Қазақпын!» - деп мақтануы.

Ұлттық болмысымызды, қазақы құндылығымызды және тіректі тілімізді білмей тұрып, сонда қалай қазақ болғанымыз? Біз болмыс пен құндылығымыз ұштасып, тіректі тіліміз мығым болағанда ғана қазақ боламыз.

Есен НҰРБОЛАТ.

● МАМАН КЕҢЕСІ

Кене энцефалиті (encephalitis asiaticum) – кене арқылы тарайтын, ми қабынуын және орталық жүйке қабынуын тудырып, орталық жүйке жүйесін қатты зақымдайтын, жедел өтетін жұқпалы ауру. Кейде Кене энцефалитін табиғи-ошақты тайгалық энцефалит, көктемгі-жаздық энцефалит деп те атайды. Кене энцефалиті қоздырғышының құрамында РНК-сы бар вирус. Кене энцефалиті энцефалит қоздырғышы үшін табиғи ошаққа тән. Жұғу жолы трансмиссивті. Антропургиялық ошақтары пайда болуы мүмкін. Кене энцефалитімен ауыратын адам тасымалдаушысы ретінде қауіпсіз.

Берілу жолдары: ошақтарда инфекцияланған кенелер 1-5%-тен 15-20%-ке дейін. Вирус өмір бойы сақталады. Бұл жолға 80% жатады. Басқа жолдармен де жұғуы мүмкін: алиментарлы жол – шикі сүт пайдаланғанда (сиыр, ешкі, қой), лабораторлық жағдайда ауа-тамшы жолмен жұғуы мүмкін. Кенеге вирус ауру жануарлардың қанын сорғанда жұғады. Қан сорып, тойынған кене 20 – 30 есе үлкейіп кетеді. Вирус кененің денесіне жайылып ұзақ сақталады, тіпті ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Сондықтан осындай кенелер жайлайтын жерде Кене энцефалитінің тұрақты табиғи ошағы пайда болады. Елді мекендерде ірі қара мал, ешкі, қой және ит кенеден жұққан Кене энцефалитін таратады.

Инкубациялық кезеңі 1-3 күннен 25-30 күнге созылады. Орташа 7-14 күн.

КЕНЕ ЭНЦЕФАЛИТИ



Клиникалық түріне қарамастан ауру жедел басталып, жалпы интоксикация синдромымен өтеді. Қалтырау, дене қызуының өте тез жоғарлауы 38-39С, бас ауруы, жүрек айнуы, құсу. Науқастың бет, мойын, кеуденің жоғарғы бөлігінің гиперемиясы байқалады. Көз конъюнктивасы тамырының инъекциясы, кейде жас ағуы жақсы көрінеді, аурудың бастапқы кезеңінде тырысу синдромы байқалуы мүмкін.

Госпитализациялау міндетті түрде жүргізіледі. Орманда жұмыс істеген кезде адам жиі-жиі киімін, денесін тексеріп отыру керек; егер денеге жабысқан кене табылса, оны бірден жұлып тастамай, өсімдік майын тамызып түсіреді. Кенені жабық ыдысқа салып, тексеру үшін вирусологиялық лабораторияға тапсыру қажет.

Осыған байланысты Қапал ауыл шетіне 2023 жылдың 28 на-

урыз айындағы №87 – н, №73 – н бойынша кене энцефалитінің алдын алу мақсатында кенеге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізіледі. I – кезеңі 03.04 – 30.04.2023 жылдың, II – кезеңі 02.06 – 30.06.2023 жыл аралығында өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Мына төмендегі ауылдың шет аймағында: Қапал. Өңдеу жұмыстары жасалғаннан кейін 45 күннің ішінде, мал жаюға және балалардың ойнауына, демалуға баруға болмайды. Ескертеміз уланудан сақ болыңыздар!

О. МАДЕНБЕК,
ҚР ДСМ СЗБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Жетісу облысы бойынша филиалының Ақсу аудандық бөлімшесінің дезинфекция секторының дезинструкторы.

Түлектерге арнау

Сыңғырлап қоңыраудың үні соңғы,
Қимастыққа ұстаздың жүзі толды.
Ұшырды ұясынан балапанын,
Танытып өмір қырын, оң мен солды.

Қиядан қақты қанат балапаны,
Енді жоқ аяулы ұстаз алақаны.
Өмір олай басыңан сыйпамайды.
Басталды енді өмірдің жаңа заңы.

Иә, солай, түлектер, ақ жол енді,
Өмірге кеп есею заңды ол енді.
Басып өтіп балалық баспалдағын,
Дамдықтың көр енді асқарларын.

Армандарды бағындыр бұра тартып,
Білім ізде бақыт жоқ бұдан артық.
Биік-биік шыңдардан көрініңдер,
Ата анаға отырмай кіәні артып.

Ауыл саған беріп тұр ақ батасын,
Бата деген білгенге ақ бас алтын.
Намысты ұл мен қызы бол қай жерде де,
Намыстың туын қықпай жақтасатын.

Туған жерге туың тік қайтып келіп,
Перзенті бол еліңнің мақтанатын.

Қопаның халқы көріп мақтан тұтсын,
Сұлбанды биіктегі алыс қырдан.
Мектепке кір келтірмей мақтаны бол,
Шоқанның шоқтығы бол жанып тұрған.

Сәтті сапар, ақ жол түлектерімізге!

Мархабат ӘСЕТҚЫЗЫ,
Қопа ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

● Қапал МТС Агро ЖШС директор лауазымына қызметкер қажет, конкурстық қағидамен өткізіледі. Телефон нөмерлері: 8 707 943 04 70, 8 701 943 04 70.
● ТОО Қапал МТС Агро требуется директор на конкурсной основе. Номеры телефон: 8 707 943 04 70, 8 701 943 04 70.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМУХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 1942

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuniri.kz

Индекс: 65750
Оффсеттік басылым көлемі 26 т.